

2013 жылға арналған халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесін белгілеу туралы

Қостанай облысы Федоров ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 9 қаңтардағы № 1 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 8 ақпанда № 4005 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 1-тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 5-бабының 2-тармағының, 7-бабының 2) тармақшасына сәйкес Федоров ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесі б е л г і л е н с і н :

21 жастан 29 жасқа дейінгі жастар;
орта арнайы және кәсіптік білім беру ұйымдарын, сондай-ақ кәсіптік қайта даярлау к у р с т а р ы н бітірушілер;

жасқа байланысты еңбекке жарамсыз тұлғалар (елу жастан жоғары);
"Федоров аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінде жұмыссыз ретінде тіркелген адамдар, олар үшін лайықты жұмыс болмаған жағдайда.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Н.Қ. Өтегеновке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі
КЕЛІСІЛДІ:

Қ. Ахметов

"Федоров аудандық жұмыспен
қамту және әлеуметтік
бағдарламалар бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы

_____ Т. Волоткевич

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК